

**Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО студенттерінің арасында сырттай өткізілген «Жаңа жылдық букет» тақырыбында Республикалық байқаудың қорытынды есебі**

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО студенттерінің арасында сырттай өткізілген «Жаңа жылдық букет» тақырыбында Республикалық байқау 2014 жылғы 10 желтоқсан - 2015 жылғы 23 қаңтар аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізілді.

Мақсаты: балалардың жаңа жылдық іс-шараларын ұйымдастырып өткізудің үздік тәжірибесін анықтау және тарату.

Міндеттері:

балалар аудиториясымен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуде заманауи талаптарға жауап беретін жаңа шығармашылық әдістер мен тәсілдерді іздестіру;

шығармашылық байланыстарды нығайтуға, репертуардың кеңеюіне, театрлық қойылымдардың және ойын бағдарламаларының көркемдік деңгейін арттыруға ықпал ету;

жаңа жылдық мейрам мәдениетінің аясында балалардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО үздік педагогикалық жасақтары қатысты.

Байқауға келесі номинациялар бойынша жалпы **203** жұмыс түсті:

**«Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийі»** - 55 жұмыс;

**«Бастауыш мектеп білім алушыларына арналған театрлық қойылымның сценарийі»** - 97 жұмыс;

**«Негізгі мектептің білім алушыларына арналған жаңа жылдық шоу-бағдарламаның сценарийі»** - 33 жұмыс;

**«Жоғарғы сынып білім алушыларына арналған жаңа жылдық бал-маскарадтың сценарийі»** - 18 жұмыс.

Ұсынылған жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланды: байқау тақырыбына сценарий мазмұнының сәйкестігі, сценарий мазмұнының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, сценарийдің композициялық құрылымы, мазмұн мен түрдің бірізділігі, сценарийдің идеясына көркем құралдарының сәйкестігі, өзектілігі мен жаңашылдығы.

**«Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған жаңа жылдық ертеңгілік сценарийі»** номинациясы бойынша әділ қазылар алқасы жеңімпаз деп белгіледі:

**Бас жүлде** – Зайдолла Светлана Асқарқызы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің студенті.

**I орын** – Бисенбина Нүргүл Кеңесқызы, Ақтөбе облысы, Екпетал ауылы, «Екпетал мектеп-балабақшасы» ММ-нің тәрбиешісі.

**II орын** – Сатбалдинова Айым Серікқалиқызы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, «№12 «Ажар» бөбекжай-бақшасы» КМҚК-ның тәрбиешісі.

**III орын** – Веревкина Ольга Ивановна, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, «Малыш» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің музыкалық жетекшісі.

**«Бастауыш мектеп білім алушыларына арналған театрлық қойылымның сценарийі»**

**Бас жүлде – тағайындалмады.**

**I орын** – Демидова Лариса Анатольевна, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, «Қайнар» оқыту-бос уақытты қамту кешенінің бұқаралық бөлім меңгерушісі.

**II орын**

1) Муталыпова Назерке Кәрімқызы, Алматы қаласы, «№7 Оқушылар үйі» МКҚК-ның бұқаралық бөлім меңгерушісі;

2) Бауыржанқызы Гүлім, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің студенті.

**III орын**

1) Козлова Светлана Михайловна, Қостанай облысы, Қызылжар ауылы, «Киров негізгі мектебі» ҚММ-нің бастауыш сынып мұғалімі;

2) Макаева Эльмира Рахманкүлқызы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, «№38 мектеп-гимназиясы» КММ-нің музыка пәні мұғалімі.

**«Негізгі мектептің білім алушыларына арналған жаңа жылдық шоу-бағдарламаның сценарийі»**

**Бас жүлде** – Юлдашова Наргиза Марсидікқызы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, «Әл-Фараби атындағы №113 жалпы орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

**I орын**

1) Сүлейменов Дастан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің студенті;

2) Ягшыбаева Жұлдыз Сабытқызы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, №2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

**II орын**

1) Тилеубаева Эльзат Аязкүлқызы, Жамбыл облысы, Балалар мен жасөспірімдер орталығының бұқаралық бөлім меңгерушісі;

2) Сабырбаева Ақбике Уәкілқызы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Мектепке дейін шағын орталығы және гимназия сыныптары бар №28 жалпы білім беру орта мектебі» ММ-нің өзін-өзі тану пәні мұғалімі.

**III орын**

1) Сәрсенбаева Мағрипа Бахбадинқызы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай ауылы, Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының көркем-шығармашылық бөлім меңгерушісі;

2) Бекова Толғанай Қанатқызы, Ақтөбе облысы, Екпетал ауылы, «Екпетал мектеп-балабақшасы» ММ-нің мұғалімі.

**«Жоғарғы сынып білім алушыларына арналған жаңа жылдық бал-маскарадтың сценарийі»**

**Бас жүлде** – Қойтбаева Зоя Абдіғаппарқызы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, «№2 Қашар орта мектебі» КММ-нің қосымша білім беру педагогі.

**I орын** – Шаймерденова Салтанат Макимовна, Павлодар облысы, Шідерті орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

**II орын**

1) Ермекқожина Динара Саханқызы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің студенті;

2) Гойман Светлана Викторовна, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, «Оқушылар шығармашылық сарайы» КМҚМ-нің бұқаралық бөлім меңгерушісі.

**III орын** – Жетыбаева Анар Ахметқызы, Павлодар облысы, Малайсары ауылы, «Малайсары жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-нің музыка пәні мұғалімі.

Әділ қазылар алқасының мүшелері Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінен қатысушылардың байқау материалдарын дайындағанда инновациялық технологиялар мен әдістемелерді қолданғандарын атап өтті. Ал Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан қатысушылардың жұмыстарында қызықты ойлар, идеялар, шығармашылық тәсілдердің бар екенін атап өтті.

**Байқауға келіп түскен жұмыстардың саны  
(өңірлер бойынша)**

<b>№</b>	<b>Өңір</b>	<b>Жұмыс саны</b>	<b>Жүлде орындары</b>
1	Ақмола облысы	3	0
2	Ақтөбе облысы	18	2
3	Алматы облысы	7	0
4	Атырау облысы	3	0
5	Шығыс Қазақстан облысы	28	3
6	Жамбыл облысы	10	1
7	Батыс Қазақстан облысы	17	4
8	Қарағанды облысы	9	0
9	Қостанай облысы	23	2
10	Қызылорда облысы	10	0
11	Маңғыстау облысы	22	2

12	Павлодар облысы	15	3
13	Солтүстік Қазақстан облысы	17	1
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	12	2
15	Алматы қаласы	6	1
16	Астана қаласы	3	0
	<b>Барлығы</b>	<b>203</b>	<b>21</b>